

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1975 жылғы 24 наурыздағы "Мүлікті тыйым салудан босату туралы істер жөніндегі сот практикасы туралы" N 2 қаулысына (Пленумның 1978 жылғы 21 қыркүйектегі N 18, 1987 жылғы 2 қазандағы N 11, 1988 жылғы 23 қыркүйектегі N 7 және 1998 жылғы 15 мамырдағы N 5 қаулыларымен өзгерістер енгізілген) өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 13 Нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 9 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 25.11.2016 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1975 жылғы 24 наурыздағы "Мүлікті тыйым салудан босату туралы істер жөніндегі сот практикасы туралы" N 2 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының атауындағы "Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының қаулысы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспеде:

бірінші және жетінші абзацтағы "Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "АІЖК-нің 429-бабының бұзылуында" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзацтағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүлікті тыйым салудан босату (тізімдемеден шығару) жөніндегі істерді қарау кезінде соттар тиісінше куәландырылған мүлікті тізімдеу актілерінің көшірмелерін, ал тиісті жағдайларда - үкімдердің көшірмелерін, үкімдердің үзінділерін және қылмыстық істердің талап қоюға қатысы бар басқа да материалдарын әрқашан тіркеп отырмайды.";

бесінші абзацтағы "Мүлікті тәркілеуді қолдану бойынша сот тәжірибесі туралы" 1953 жылғы 29 қыркүйектегі КСРО Жоғарғы Соты Пленумының

қаулысында берілген нұсқауларды (келесі өзгерістерімен бірге) ескермей" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 1-тармақта "мемлекеттік мекемелерге, кәсіпорындарға, колхоздар мен басқа да кооперативтік және қоғамдық ұйымдарға" деген сөздер "заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мүлікті тыйым салудан босату жөніндегі талаптарды меншік иесі, сондай-ақ шаруашылық жүргізу, жедел басқару, жерді тұрақты пайдалану құқығымен мүлікке иелік ететін тұлғалар қоюы немесе өзге де заңнамалық актілерде не шарттарда көзделген негіздер бойынша қойылуы мүмкін. Мұндай істер Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) 27-тарауымен көзделген ерекше талап қою ісін жүргізу тәртібімен қаралады.";

5) 3-тармақта:

"211-бабының 4-тармағы" деген сөздер "242-бабының 4) тармақшасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"216-бабы" деген сөз "247-бабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 4-тармақта:

"АК 244-бабына (жалпы бөлім)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 244-бабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 5-тармақта:

"АІЖК-нің 429-бабының 4-бөлігіне сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

"107-бабы" деген сөздер "129-бабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 7-тармақта:

"жинақ кассасында немесе КСРО-ның Мемлекеттік банкінде" деген сөздер "банкте" деген сөздермен ауыстырылсын;

"АК-нің 390-бабы" деген сөздер "АК-нің 740, 741-баптарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"АІЖК-нің 393-бабы" деген сөздер "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 8-тармақта:

"НОТК-нің 19, 22-26-баптары" деген сөздер "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32, 34, 35, 37, 43-баптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"НОТК-нің 22-бабы" деген сөздер "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 9-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер мүлікке салынған тыйымның заң бойынша өндіріп алуға жатпайтын затқа салынғаны анықталса, сот талапкердің келісімімен, АІЖК-нің 219-бабының 2-тармағының ережелерін ескере отырып, көрсетілген мүліктерді тыйым салудан босатуға құқылы."

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға міндетті болып табылады әрі ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Жоғарғы Сотының Төрағасы

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а з а қ с т а н
Ж о ғ а р ғ ы
жалпы отырыс хатшысы

С о т ы н ы ң

Р е с п у б л и к а с ы
с у д ь я с ы ,